

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2019 жылғы 25 қазан**

### **2019 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі**

**Алматы, Қазақстан** – 2019 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтерінің көлемі – 10 426,25 млрд теңге болды.

БЖЗК ресми сайтында зейнетақы активтерін басқару бойынша инвестициялық портфель туралы толық ақпарат жарияланған. Ол «Көрсеткіштер»-«Инвестициялық қызмет» бөлімінде мына сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/b36/b369ac02be030a5327e0bb3ca3c97c83.pdf>.

Инвестициялық қызмет туралы толық есеп салымшылардың зейнетақы жинақтары қандай және қанша мөлшердегі бағалы қағаздарға, қандай нарықтық баға бойынша инвестицияланатыны жайындағы мағлұматтардан тұрады.

Соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің табыстылығы 8,4 пайызға жетті. Дәл осы кезеңде инфляция деңгейі 5,3 пайыз болды. Бұл зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы оң сипатқа ие екендігін көрсетеді.

2019 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында есептелген инвестициялық табыстың жалпы сомасы 525,2 млрд теңгені құрады.

Зейнетақы активтері бойынша алынған инвестициялық табыстың құрылымы мынадай:

- бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыстар 493,08 млрд теңге;
- бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан болған шығындар (32,54) млрд теңге;
- шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен табыстар 40,33 млрд теңге;
- сыртқы басқарудан түскен табыстар 16,12 млрд теңге;
- басқа да шығындар 8,2 млрд теңгені құрады.

Осылайша портфельді әртараптандыру арқасында жекелеген қаржы құралдарын қайта бағалаудан болған шығындар басқа бағалы қағаздардың табыстылығы есебінен жабылып отыр. Енді кейбір жайғасымдарға нақты тоқталайық.

2019 жылдың 1 қазанына қарай БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарының өтелуі бойынша алынған орташа табыстылық жылына 7,0 пайызды құрады, оның ішінде теңгеде номиналданған қаржы құралдары бойынша жылдық табыстылық – 8,6%, ал шетелдік валютада жылдық табыстылық – 3,5%.

Қордың зейнетақы активтері портфелінің негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (37,74 пайыз) тиесілі. Олардың ағымдағы құны – 3 934,35 млрд теңге. Есепті күнге қарай теңгеде номиналданған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының өтелуіне қатысты орташа алынған табыстылық жылына 7,6 пайыз, ал АҚШ долларында жылына 4,4 пайыз болды.

2019 жылдың 1 қазанына қарай шет елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарының (МБҚ) ағымдағы құны – 1 612,9 млрд теңгені құрап, жыл басынан бері 35,3 пайызға өсті. Олардың портфельдегі үлесі – 15,47 пайызды көрсетті. Есепті күнге қарай БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфеліндегі шет елдердің МБҚ өтелуіне қатысты алынған орташа табыстылық жылына 2,9% құрады.

2019 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының портфельдегі үлесі – 14,1 пайызды құрады. Есепті күнге қарай ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгеде номиналданған облигациялары бойынша алынған орташа табыстылық жылына 10,2 пайызды, ал АҚШ долларында 5,0 пайызды көрсетті.

Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары былайша көрсетілген: портфельдің 12,08 пайызы осы банктердің облигацияларына тиесілі. Олардың ұлттық валютадағы жылдық табыстылығы – 9,9 пайыз, ал АҚШ долларында – 6,4 пайыз. Депозиттердің үлесі – 2,46 пайыз, ал олардың орташа алынған жылдық табыстылығы – 9,3 пайыз.

Қордың зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының инвестициялық портфелі валюталық тұрғыда былайша келтірілген: ұлттық валютада жасалған инвестиция көлемі – 65,7 пайыз, АҚШ долларында – 32,29 пайыз, басқа валюталарда – 2,01 пайыз болды.

Қордың сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері портфелінің құрылымдық үлестірілімі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясына толығымен сәйкес келеді.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*